

Қаражатты республикалық бюджетке қайтару туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 31 желтоқсан N 591

Қазақстан Республикасының Шетел несие берушісінің алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі шетел банкі берген шоттар негізінде "Алемсистем" қаржы-инвестициялық компаниясы үшін жалпы сомасы 400 095 (төрт жүз мың тоқсан бес) АҚШ доллары болған мерзімі өткен төлемдерді, сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын 1996 жылға арналған республикалық бюджетте "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражат есебінен төлейтін болсын.

2. Alem Bank Kazakstan алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр